

# Астана



Тарихы

Еуразия қылысы


[www.ZHARAR.com](http://www.ZHARAR.com)

Саялет

Әлеуметтік саяла

# Сөзжұмбақ шешу

*Қазақстанның қалаларын жаз*



# Астана - Қазақстанның бас қаласы





**Орналасуы** – Қазақстанның орталық бөлігінің солтүстігі, Ақмола облысында, Есіл өзенінің жайылмасындағы жазықта.

**Климат** – шұғыл континенталды: орташа ыстық жаз және ұзаққа созылатын аязды қыс.

**Географиялық координаталар** -  $51,18^{\circ}$  солтүстік ендік және  $71,42^{\circ}$  шығыс бойлық.

**Жергілікті уақыт** – Астана 5-ші сағаттық белдеуде орналасқан. Жергілікті уақыт нөлдік меридианға қатысты GMT +06.00 деп есептеледі.

**Қаланың аумағы** - 710, 2 шаршы км.

**Халқының саны** – 584 800 адам. Астанада 100-ден астам ұлттың өкілдері тұрады.



Р Е С Е Й

**АСТАНА.**

КАСПИЙ  
ТЕҢІЗІ

Қ ы т а

ӨЗБЕКСТАН

ҚЫРГЫЗСТАН

ТҮРІКМЕНСТАН





Тарих

Еурасия қиспісі

[www.ZHARAR.com](http://www.ZHARAR.com)

Сәулет

Әлеуметтік сапа

# ТАРИХЫ

## АСТАНА – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛОРДАСЫ



1997 жылы егемен Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен **Ақмола Қазақстанның елордасына айналды**. Мұндай шешімнің қабылдануына қаланың геосаяси тұрғыдан елдің орталығында, аса ірі көлік жолдарының қиылысында орналасуы, қажетті көлік және телекоммуникациялық инфрақұрылымның, елорданы дамытуға қажетті бос жатқан жерлердің болуы себеп болды. Халқы 290 мың адамды құрайтын, Қазақстандағы ең көркем әрі келешегі мол қалалардың бірі Қазақстанның жаңа астанасына айналды. Қаланың алаңы 1997 жылы 258 шаршы километрді құраса, бүгін Астана 710,2 шаршы километрді алып жатыр.



1998 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес **Ақмоланың атауы Астана деп өзгертілді**. 1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Қазақстанның астанасына медаль тапсырылып, **«Бейбітшілік қаласы»** деген жоғары атақ берілді. Бүгін Астана – **еуразиялық кеңістіктің орталығы**, мұнда қазіргі заманғы саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша түрлі басқосулар өткізіледі.









# *Астана - Бәйтерек*















# Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті





# *Тәуелсіз Қазақстанның Ата Заңы*

- Қазақстан тәуелсіздігін нығайту үшін ең алдымен Конституциясын, мемлекеттік рәміздерін анықтап, бекіту қажет еді. Әр мемлекеттің қалыпты өмір сүріп, тұрақты дамуы үшін өз заңдары болады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Президенттің төрағалығымен Ата Заңды дайындау мақсатында арнайы комиссия құрылды.
- 1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы қабылданды. Ол 4 бөлімнен, 21 тараудан тұрды.
- 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстанның жаңа екінші Конституциясы қабылданды. 9 бөлімнен, 98 баптан тұрады.
- Қазақстанның Ата Заңында мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандықтары делінген.





# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ





# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

сөзі: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев

әні: Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қарашы!  
Ежелден ер деген,  
Даңкымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

Ұрпаққа жол ашқан,  
Keң байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар .  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындай.  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!

# *Бекіту*

- Блум таксономиясы бойынша
- Шұғыл есте сақтау
- Жылдар



# ***Блум таксономиясы***

**Нені білдім**

**Нені түсіндім**

# Шұғыл есте сақтау

- Елтаңбаларды зерттейтін ғылымды *геральдика*, туларды зерттейтін ғылымды *виксикология* деп атайды.
- Қазіргі *Астана* қаласының шетінде, *Есіл* өзенінің солтүстік алқабында ерте орта ғасырларда *Бозақ* аталатын қала болған. Бұл тарихи *ескерткіш* Бозақты көлінің *шығыс* жағалауын алып жатыр.



## *II-ші түрі*

- Елтаңбаларды зерттейтін ғылымды ..... туларды зерттейтін ғылымды ..... деп атайды.
- Қазіргі ..... қаласының шетінде, ..... өзенінің солтүстік ..... ерте орта ғасырларда ..... аталатын қала болған. Бұл тарихи ескерткіш Бозақты көлінің ..... жағалауын алып жатыр.

# *Жылдар*

- 1993 жылы
- 1995 жылы
- 1991 жылы
- 1992 жылы
- 2006 жылы
- 1993 жылы
- 1998 жылы
- 1986 жылы

*Назар қойып тыңдағандарыңызға  
рахмет*

*Ойдағыдай тәрбиелеудің сыры  
оқушыға деген құрмет  
сезімінде жатыр.*

*Р.Эмерсон*